

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Басқарма отырысының
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй.

Отырыстың өткізілген жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй, 2-ші қабат, мәжіліс залы.

Отырыстың өткізілген күні мен уақыты: 31 мамыр 2023 жыл, 15 сағат 00 минут.

Қатысқандар:

1. Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна, Басқарма Төрағасы-ректор
2. Абдрашева Дана Мейрамовна, Басқарма мүшесі-академиялық жұмыстар жөніндегі проректор;
3. Уразбаев Нурлан Жеткергенович, Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор;
4. Базартай Жандос Нұртайұлы, Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор;
5. Бурибаева Майнура Абильтаевна, Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор.

Шақырылғандар:

1. Смагамбетова Анаркуль Калабаевна – ішкі аудит қызметінің басшысы;
2. Досжанов Баянали Амантаевич – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры;
3. Абжаев Марат Маликович – тіркеуші офисінің бастығы.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ 2020-2024 жылдарға арналған Даму жоспарының 2022 жылы іске асырылуы туралы есебін алдын ала қарау туралы.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

2. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне» КЕАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау Ережесіне алдын ала өзгерістер енгізу туралы.

(Баяндамашы: М.М.Абжаев – тіркеуші офисінің бастығы).

3. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ 2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын алдын ала бекіту туралы.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

4. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» КЕАҚ басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттары туралы Ережесіне алдын ала өзгеріс енгізу туралы

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

5. 2023-2025 жылдарға арналған "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті " КЕАҚ тәуекелдерді болдырмау жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).

6. Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің 2022 жылға арналған КРІ индикаторларына қол жеткізу (іске асыру) есебін және Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің 2023 жылға арналған КРІ индикаторларын алдын ала бекіту туралы.

(Баяндамашылар: Басқарма төрағасы-ректор, Басқарма мүшелері).

Әртүрлі.

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ бакалавриат үшін оқу ақысын төлеуге арналған ішкі гранттар мен жеңілдіктердің түрлерін айқындау тәртібі туралы.

(Баяндамашы: Ж.Н.Базартай - Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор).

2. Академиялық артықшылықтар жобасы аясында "Химия, жасыл технологиялар, жаңартылатын энергия көздері, педагогикалық және сабақтас ғылымдар ғылыми-инновациялық орталығының" МИЖ және ҚЭН қарау және бекіту турал.

(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).